

ЕГЕМЕН

ҚАЗАҚСТАН

# Жансерік

Мына жалған дүниеден қазақтың осы заманғы арыстарының бірі, бірі ғана емес-ау бірегейі менің қанаттасым, ардақты Зекең — Зейнолла Қабдолов дүниеден озыпты. Зейнолла екеуміз қатар жүргелі 61 жылдан асыпты. Әлі есімде, 1945 жылы 20 қазан күні ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің дәрісін қазіргі өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 31-ші аудиториясында бірге тыңдап едік. Сол күні ол Тау-кен институтынан осы білім ордасына ауысып келген екен. Мен де оқуға кешігіп келіп едім. Біз сол дәрісханада ұлы тұлғаның алдында танысып, табысып едік. Содан күні бүгінге дейін жұбымыз жазылмап еді. Өткен дүйсенбі күні ғана үйіне барып, көңілін сұрап шығып едім. Ол екі жылдан бері сырқаттанып жатқан.

Университетті бітіргеннен кейін “Мектеп” баспасында бірге қызмет істедік. Ол көп кешікпей өзі бітірген университетте мұғалім болды. Мен басқа қызметке ауыстым. 1968 жылы өзіміз қанат қаққан қарашаңырақтың филология факультетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасында қайта табыстық. Содан бері осы күнге дейін сол кафедрада қызмет істеп келе жатыр едік.

Ардақты Зекеңнің бір азаматтық мінезі бар еді. Ол еш адамның бетіне жел болып тимейтін. Кімнің де болсын бойынан бір жақсы

қасиетті тауып алып, оны өзіне майын тамызып айтып отыратын еді. Кейде менің өзіммен бетпе-бет келіп қалғанда бірінші жүздесіп тұрған адамдай егіліп тұрып сөйлейтін. Сонда: “Немене мені жаңа көріп отырсың ба?” дейтін едім. Енді ойлап отырсам, адам мына қысқа ғұмырда бір-бірінен жылы сөзін аямау керек екен ғой. Соны ол ерте аңғарыпты. Мұны қанаттасымнан көз жазып қалғанда ғана түсініп отырмын, түйсініп отырмын. Өз басым оның “Менің Әуезовім” атты кітабына кейіпкер болып та ендім. Көңілін сұрай барғанда: “Мені мынау “кадірімді” білмейтіндердің ортасында қалдырып қашанғы шалқайып жата бересің. Түр. Қанаттасып қатар жүрейік те!” деп қайрат беретінмін. Ол: “Жүре түр. Қатарыңа барамын. Өзің айтқандай қанаттасып жүреміз өлі-ақ!” деп өзіне ғана тән жылы жымыиспен езу тартып қоюшы еді.

Сол жансерік, кимас жолдасым, аяулы досым бүгін қайтпас сапарға аттанып отыр. Тағдырдың жазуына не шара. Енді оның асыл бейнесі, артында қалған өлмес мұрасы көңілге медеу, ойға медет болады.

Ауыр қаза үстінде ендігі менің бар айтар сөзім, бақұл бол арысым деу ғана болып тұр.

**Тұрсынбек КӘКІШЕВ.**  
Қазақстанның еңбек сіңірген  
қайраткері, профессор